

"2012 – 2014 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 желтоқсандағы № 1428 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 24 қазандағы № 1351 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «2012 – 2014 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 желтоқсандағы № 1428 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

05 «Денсаулық сақтау» функционалдық тобында:

226 «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі» әкімшісі бойынша:

029 «Денсаулық сақтау жүйесін реформалау» бағдарламасында:

004 «Сыртқы қарыздар есебінен» деген жолдағы «1 712 386» деген сандар «3 736 579» деген сандармен ауыстырылсын;

016 «Республикалық бюджеттен сыртқы қарыздарды бірлесіп қаржыландыру есебінен» деген жолдағы «9 076 990» деген сандар «7 052 797» деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *С. Ахметов*